

СӨЖ

Қабылдаған: Саруаров Е.
Орындаған: Икметова М.
Тобы: ЖМ-221



Жоспар:

I. Кіріспе

1. Сүйектер туралы жалпы мәлімет
2. Сүйектің өсуі

II. Негізгі бөлім

1. Спортпен шұғылданудың скелетке әсері
2. Сүйектің дамуына еңбектің әсері
3. Қаңқаның құрылысы мен дамуына әлеуметтік жағдайлардың әсері
4. Сүйектің қартаюы

III. Қорытынды

IV. Қолданған әдебиеттер

Сүйек - дененің негізгі тіреуші мүшесі. Сүйектің негізін тығыз және борпылдақ кемікті заттар құрайды. Сүйек сыртынан сүйек қабығымен қапталған. Сүйектің құрамында ұлпаның барлық түрі кездеседі. Бірақ негізгісі-сүйек ұлпасы. Сүйектің сырты қатты, ұлпасы тығыз болып келеді, ал ішкі жағы кеуекті борпылдақ ұлпадан тұрады.


Сүйек майы. Сүйек- қан шығарушы мүше, сүйек майы сүйекті қоректендіріп тұрады. Сүйек майы кеуек сүйектердің кемік затында. Ал ұзын сүйектердің түтікше қуысында орналасатын болып келеді. Сүйек майы қызыл және сары болып екіге бөлінеді.

Сүйектің қызыл майы – нәзік ретикулярлы тор тәрізді ұлпа. Олар қан тамырлары мен жүйке талшықтарына өте бай, ал олардың арасында қан жасап шығаратын элементтер орналасқан.


Сүйектің сары майы негізінен май ұлпаларынан тұрады. Майдың түсі сары болып келеді.

Жас адамның жілігінің майында қызыл сүйек майы көп болып келеді, ал жас ұлғайған сайын ретикуляр ұлпаның орнын ма ұлпасы басады.


Сүйек тінінің жасушалары:



↑
остеобласт



↑
остеоцит




↑
остеокласт

Сүйектердің микроскопиялық құрылысы



Остеоцит
(сүйек пластинкасы)

Канал



Орталық канал

Қан тамырлары



